

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІПЕТ МИНИСТРЛІГІ»
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ»

**ЗАҢДЫ ТҮЛГАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ**

20 16 ж. «07» 04 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 160440007161

Қазақстан Республикасының цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің 2022 жылғы «18» қараша
№ 448/2022 бұйрығымен бекітілген

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІПЕТ МИНИСТРЛІГІ»
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІПЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ»

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 22 ж. «01» 12 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 160440007161

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 07.04. ЖЫЛ 2016

**«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ**

Астана, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес қоғамының жарғысы (бұдан әрі – Қоғам) Қоғамның атауын, орналасқан жерін, оның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, қайта ұйымдастырылу мен оның қызметін тоқтату талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы «29» қаңтардағы № 39 Қаулысына сәйкес құрылды.

3. Қоғамның атауы:

толық түрде:

мемлекеттік тілде - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

орыс тілінде – Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;

қысқартылған түрде:

мемлекеттік тілде - «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ;

орыс тілінде – НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан»;

4. Қоғамның атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, т.е.о. 14.

5. Қоғам қызметінің мерзімі – шектелмеген.

6. Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

7. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарайды және шешімдерді қабылдайды.

Шешімі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің және Жалғыз акционердің жалпы жиналыстарының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер өз бетінше қабылдайды.

8. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде кіріс алуды және алынған таза кірісті Қоғамның Жалғыз акционеріне бөлуді көздемейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қоғам кірістері тек қана Қоғамның дамуына және оның қызметкерлері мен көрсетілетін қызметті алушыларға қажетті жағдайлар жасауға пайдаланылатын, өз қызметін жүзеге асыруға қаражат тарту мақсатында акциялар шығаруды жүзеге асырады.

9. Қоғам өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органның және орталық уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен орталық мемлекеттік органдардың қатарынан айқындалатын Уәкілетті орган белгілейді.

Мемлекеттік монополияның қызметіне жатпайтын Қоғам өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қоғам өз бетінше белгілейді.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы, банктік шоттары болады, өзінің атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды иемдене алады және оны жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарады, сотта талап қоюшы және жауапкер бола алады.

11. Қоғамның мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің атауы көрсетілген мөрі, өзінің атауы және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да деректемелері бар бланкілері болады.

12. Үлгілерін атқарушы орган бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін Қоғамның өз тауарлық белгісі және басқа да ерекше символикасы бола алады.

13. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

15. Қоғам осы Жарғыда белгіленген мақсаттарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

16. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады.

17. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғысымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің мәні және түрлері

18. Қоғам жеке және (немесе) заңды тұлғаларға «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету, жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын техникалық зерттеп-қарау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді жүзеге асыру қоғам қызметінің негізгі нысанасы болып табылады.

19. Алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;
- 2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;
- 4) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «бір терезе» қағидаты бойынша құжаттардың жинақталуын тексеру, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыларға, оның ішінде электрондық нысанда және мобильді мемлекеттік қызметтерді алуға арналған арнайы автомобильдерде шалғай елді мекендерге шыға отырып беру;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ресурстардан мәліметтер алу;

7) электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға қатысу және оларды өз қызметінде пайдалану;

8) Қоғамның жұмыс процесстерін жетілдіру үшін ақпараттандыру және автоматтандыру саласында озық технологияларды қолдану және олардың функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту;

9) Қоғам ұсынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша халықтың компьютерлік және ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын арттыру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралардың ақпараттық сүйемелденуін қамтамасыз ету;

10) Қоғамда жергілікті компьютерлік желілерді жобалау, монтаждау, іске қосу-реттеу, жөндеу жұмыстарын, техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды жүзеге асыру;

11) Қоғамның жұмыс процесстерін автоматтандыру мақсатында бағдарламалық қамтылымды әзірлеу, сатып алу және енгізу, бағдарламалық өнімдер мен ақпараттандыру жүйелерін сүйемелдеуді ұйымдастыру;

12) Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ақпараттық, әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру және анықтамалық-әдістемелік құралдарды тарату;

13) Қоғам қызметінің бейіні бойынша ғылыми, зерттеу, жобалау, сараптау, енгізу жұмыстарына және қызметтеріне қатысу;

14) Қоғам қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы біліктілігін, оның ішінде қашықтықтан оқыту арқылы арттыруды қамтамасыз ету;

15) Қоғам қызметін жетілдіру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

16) талап еткен жеріне жеткізе отырып, мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша жеке және (немесе) кешенді қызмет көрсетуді жүзеге асыру қызметтерін көрсету;

17) көшірме-көбейту қызметтерін және сканерлеу қызметтерін көрсету;

18) ақпараттық қызметтерді, оның ішінде міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу қызметтерін көрсету;

19) автоматтандырылған электрондық алаңда практикалық емтихан өткізу жөніндегі қызметтерін көрсету;

20) соңынан дайын құжаттарды бере отырып, көрсетілетін қызметті алушыларға құжаттар топтамасын қалыптастыру қызметтерін көрсету;

21) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсыну мәселелері бойынша сауалнама жүргізу әдісімен әлеуметтік зерттеу жүргізу қызметтерін көрсету;

22) ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) оларды құрайтындарды мемлекеттік техникалық тексеру, сондай-ақ ғимараттарға, құрылыстарға және оларды құрайтындарға кадастрлық нөмір беру;

23) міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуді жүзеге асыру;

- 24) жер учаскесінің кадастрлық ісін қалыптастыру;
- 25) жерді экономикалық бағалауды және оған мониторинг жүргізуді, топырақты зерттеуді, геоботаникалық, агрохимиялық зерттеулерді және топырақты бағалауды жүргізуді қамтитын жерлердің сапасын есепке алу;
- 26) мемлекеттік тіркеу мақсаттары үшін жердің көлемін, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларды, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерін есепке алу;
- 27) жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтауды; елді мекендерде жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелеріне түзету коэффициенттерін белгілей отырып, олардағы бағалау аймақтары шекараларының схемаларын жасауды; жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемелерінің есебін; ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою кезіндегі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі ысырапты анықтауды қамтитын жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау;
- 28) жер учаскелері мен олардың субъектілері туралы деректер банкін, сондай-ақ басқа да жер-кадастрлық ақпаратты қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда жинақтау, өңдеу және жүргізу;
- 29) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу;
- 30) жер-кадастрлық карталарды, оның ішінде цифрлық карталарды дайындау және жүргізу;
- 31) жер-кадастрлық кітапты және жердің бірыңғай мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 32) жер учаскесіне актілерді дайындау және беру;
- 33) жер-кадастрлық жоспар әзірлеу;
- 34) жер учаскелеріне кадастрлық нөмірлер беру;
- 35) жер учаскелерінің паспорттарын дайындау;
- 36) жергілікті жерде әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мемлекеттік орман және су қорлары жерлерінің шекараларын белгілеу;
- 37) жер пайдалануды қалыптастыру мен ретке келтіру жөніндегі жобаларды, бүлінген жерді рекультивациялау жобаларын жасау, жергілікті жерде жер учаскелерінің шекараларын белгілеу;
- 38) мемлекет меншігіндегі және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер пайдалануға берілген жер учаскелері бойынша шаруашылық ішіндегі жерге орналастыру жобаларын әзірлеу;
- 39) жерді түгендеуді жүргізу;
- 40) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, жәрдемақы төлемдерін, біржолғы және өзге де төлемдерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- 41) пайдасына міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген жеке тұлғалардың және бірыңғай зейнетақы жинақтаушы

зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін алушылардың дерекқорын қалыптастыру;

42) келесі қаржылық жылға инфляция деңгейінің болжамдарын ескере отырып, агенттердің нақты енгізген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерін айқындау;

43) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды дербестендірілген есепке алу;

44) міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агенттерден бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;

45) жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарты жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген тұлғалардың міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарын агентке қайтару;

46) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлдарды агентке және (немесе) Қоғамға оның өтініші бойынша қайтару;

47) Қоғамның шотына аударылған және Қоғамнан агентке қайтарылған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомалары және (немесе) олардың өсімпұлдары бойынша агенттердің төлем құжаттарының тізілімдерін қалыптастыру және оларды салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға ұсыну;

48) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылар істерінің макетін қалыптастыру;

49) балалы отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру саласында ақпараттық жүйелерді жүргізуді және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

50) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласында ақпараттық жүйелерді жүргізуді және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

51) арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар алуға құқығы бар азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру саласында ақпараттық жүйелерді жүргізуді және жаңартып отыруды жүзеге асыру;

52) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді алушылардың автоматтандырылған орталықтандырылған дерекқорларын толтыруды және жаңартып отыруды және оларды дербестендірілген есепке алуды жүзеге асыру;

53) зейнетақы жарналарын және (немесе) олар бойынша өсімпұлдарды есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша агенттермен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен өзара іс-қимыл жасау;

54) Қазақстан Республикасының зейнетақы жинақтарының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке және заңды тұлғаларға Қоғамның қызмет түрлері бойынша көрсетілетін ақпараттық қызметтер ұсыну;

55) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін дербестендірілген есепке алу және олардың орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру;

56) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражатынан әлеуметтік төлемдерді ұйымдастыру;

57) әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдердің жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қоғам қызметінің түрлеріне сәйкес, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға ақпараттық көрсетілетін қызметтер ұсыну;

58) төлеушілерден түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдар уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды аударуды, әлеуметтік төлемдердің және олардан ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының артық есепке жатқызылған (төленген) сомаларын Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына олар Қоғамның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей қайтаруды жүзеге асыру;

59) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен әлеуметтік төлемдерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және оны ұйымдастыру;

60) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға төлеушілердің келіп түскен және қайтарылған әлеуметтік аударымдарының тізілімдерін ұсыну;

61) зейнетақы төлемдерін, жәрдемақыларды, біржолғы және өзге де төлемдерді төлеуге қажеттілікті есептеу бойынша болжамды деректерді қалыптастыру;

62) жәрдемақыларды төлеуге қажеттілікті есептеу бойынша болжамды деректерді қалыптастыру;

63) зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыларға, біржолғы және өзге де төлемдерге ай сайынғы қажеттілікті және оларды төлеу графиктерін қалыптастыру және бюджеттік қаражат қажеттілігі туралы өтінімдерді орталық атқарушы органға жіберу;

64) әлеуметтік төлемдердің ай сайынғы қажеттілігін, графиктерін және әлеуметтік төлемдерге қаражат қажеттілігі туралы өтінімдерді қалыптастыру;

65) мынадай:

- уәкілетті мемлекеттік органға және орталық атқарушы органға жәрдемақы алу құқығы бар азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру;

- уәкілетті мемлекеттік органға балалы отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыру;

- орталық атқарушы органға және оның ведомстволарына зейнетақымен қамсыздандыру;

- уәкілетті органға және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік сақтандыру салаларындағы ақпараттық жүйелерден ақпарат береді;

66) төлеушіге жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына аударылған әлеуметтік аударымдар сомасын қайтару;

67) құжаттарды қабылдау, жәрдемақыларды тағайындау, тоқтата тұру, тоқтату, қайта бастау және қайта есептеу істерінің макеттерін қалыптастыру мәселелері бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау;

68) алушыларға жәрдемақылардың уақтылы төленуін қамтамасыз ету;

69) жәрдемақылардың уақтылы төленуін қамтамасыз ету;

70) төлеушілерден әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына түсетін аударымдарды, жарналарды және (немесе) аударымдардың және (немесе) жарналардың уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлды өңдеуді және аударуды банктік үш күн ішінде жүзеге асырады;

71) аударымдардың, жарналардың және (немесе) аударымдарды және (немесе) жарналарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдың артық (қате) есепке жатқызылған сомаларын уәкілетті орган айқындаған тәртіппен төлеушілерге қайтаруды жүзеге асырады;

72) аударымдардың және (немесе) жарналардың артық (қате) төленген сомаларын осы қаражаттар әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан Қоғамның шотына аударылған күннен бастап банктік үш күн ішінде төлеушілерге аударуды жүзеге асырады;

73) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған адамдар үшін мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарына арналған бюджет қаражаттарына ай сайынғы қажеттілікті қалыптастырады және уәкілетті органға қажеттілік туралы өтінімдер жібереді;

74) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде мемлекеттік монополиямен технологиялық байланысты мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- аударымдар және (немесе) жарналар төленген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттің жарналар төлеуі көзделген жеке тұлғалардың дерекқорын жаңартып отырады;

- жеке сәйкестендіру нөмірлері негізінде аударымдарды және (немесе) жарналарды дербестендірілген есепке алуды және ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерімен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі негізінде аударымдардың және (немесе) жарналардың түсімдерін салыстырып тексеруді жүзеге асырады;

- салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға төлеушілердің түскен және қайтарылған аударымдары мен жарналарының тізілімдерін ұсынады;

- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушыларына Қазақстан Республикасы заңнамасының аударымдардың және (немесе) жарналардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың

құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын ескере отырып, Қоғам қызметінің түрлеріне сәйкес ақпараттық көрсетілетін қызметтерді ұсынады;

- әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі ақпараттық жүйелерден ақпарат береді;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, аударымдардың және (немесе) жарналардың жай-күйі мен қозғалысы туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

- аударымдарды және (немесе) жарналарды аударуды, төлеуді, артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыру мәселелері бойынша қажетті түсініктемелер береді;

- аударымдардың және (немесе) жарналардың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды жүзеге асыру үшін құжаттарды қалыптастырады және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына береді;

- жарналарды мемлекет төлейтін адамдардың әлеуметтік мәртебесін жаңартып отыру жөніндегі мемлекеттік қызметтер көрсетуді «бір терезе» қағидаты бойынша қамтамасыз етеді;

75) бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушыларға бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;

76) геоаппаратық жүйелерді құру үшін пилотсыз ұшу аппараттарымен аэрофототүсірілім жүргізу жұмыстары;

77) жер учаскелерін жазықтық және бикті (топографиялық) түсіру;

78) құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу;

79) жеке меншік мүлікті жалға беру және бақару;

80) жеке тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары бойынша салықтық базаны айқындау;

81) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету;

82) орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру.

83) бірыңғай жиынтық төлем шеңберінде:

- жеке сәйкестендіру нөмірі негізінде бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілерді дербестендірілген есепке алуды жүргізеді;

- бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілерді дербестендірілген есепке алуды жаңартып отырады;

- бірыңғай жиынтық төлемнің сомасын бөледі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және төлеушінің тұрғылықты жері бойынша тиісті бюджетке аударды;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі бірыңғай жиынтық төлемнің қате (артық) төленген сомаларын айқындайтын тәртіппен қайтаруды жүзеге асырады.

84) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді жүзеге асырады.

85) мемлекеттік монополияға жататын зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, қайтару мәселелері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнеақы қорымен өзара іс-қимыл жасау;

86) төлеушілерге әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдар уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін өсімпұлдың артық (қате) төленген сомаларын қайтаруды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты Қоғамның шотына түскен күннен кейінгі бір операциялық күннен кешіктірмей қамтамасыз ету.

87) жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру;

88) мемлекеттік жер кадастрынан мәліметтер беру;

89) жер учаскесінің сапалы жай-күйі туралы мәліметтер беру;

90) мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық дерегімен жобаланып отырған жер учаскесін келісу;

91) «Е-Otinish» ақпараттық жүйелерін жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштерін қабылдау үшін «бір терезе» ретінде сүйемелдеу және өңдеу.

20. Егер қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет болса, Қоғам аталған қызмет түрлерін тиісті рұқсатты (лицензияны) бекітілген тәртіппен алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

21. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

3) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына жүгінуге;

6) Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша түрде сұрау салулар жіберуге және сұрау салудың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап бір ай ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүлкінің бір бөлігіне;

9) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен акцияларды сатып алу артықшылығына;

10) Қоғам акциялары санының өзгеруі туралы шешімдер қабылдауға;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен Қоғам аудитіне аудиторлық тексеріс жүргізуді талап етуге құқылы.

22. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Қоғамның осы Жарғысында көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы от жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

6. Қоғам мүлкі

23. Қоғам мүлкі оның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі.

24. Қоғам мүлкі:

1) акционердің Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкі;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;

3) Қоғамның ағымдағы шоттарындағы бос ақша қаражаты қалдықтарына банктердің сыйақылары сомасынан түскен табыс, екінші деңгейдегі банктердің депозиттеріне бос ақша қаражатын орналастырудан түскен табыс;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын басқа да мүлік есебінен қалыптастырылады.

7. Қоғамның есепке алынуы, есептілігі мен аудиті

25. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Күнтізбелік жыл Қоғамның қаржылық жылы болып табылады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасы талаптарына сәйкес жасалады.

27. Қоғам басқармасы Жалғыз акционерге аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін жыл сайын талқылау мен бекіту үшін ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткенге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей, Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітілуіне ұсынылады.

28. Қорытынды жылдық қаржылық есептілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

29. Қоғам жыл сайын өзінің ресми интернет-ресурсында жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және кірістер мен шығыстар туралы есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жариялайды.

30. Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғамның қаржылық есептілігін жариялаудың тәртібі мен нысандарына қойылатын қосымша талаптар көзделуі мүмкін.

8. Қоғамның Жарғылық капиталы

31. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам құрылтайшысының акцияларды төлеуі арқылы қалыптасады.

32. Қоғамның жарғылық капиталының артуы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүргізіледі.

9. Акциялар. Құнды қағаздарды орналастыру шарттары

33. Қоғам тек қана жай акцияларды шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

34. Жай акция Жалғыз акционерге Заңға сәйкес оның қарауына енгізілетін барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция сол сияқты Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның таратылуы кезінде оның мүлкін алу құқығын береді.

35. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

36. Қоғам өз акцияларын оларды шығарудың мемлекеттік тіркелуінен кейін орналастырады.

37. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыруды, жүргізу мен сақтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз тіркеуші жүзеге асырады.

38. Акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

10. Таза кірісті бөлісу

39. Қоғамның таза кірісі (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның билігінде қалады және Қоғамның дамуына бағытталады.

11. Қоғамның органдары

40. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Қоғамның Жалғыз акционері;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау органы – Ішкі аудит қызметі болып табылады.

12. Қоғамның Жалғыз акционері

41. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

- 1) қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оны қабылдаған жағдайда өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімінің негізінде Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 5) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 6) Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Басқарма төрағасы мен мүшелерінің, Қоғамның Басқарма төрағасы мен орынбасарларының, Қоғамның аппарат басшысының лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 8) Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелеріне, Қоғамның Басқарма төрағасы мен орынбасарларына, Қоғамның аппарат басшысына көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қабылдайды;
- 9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 10) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 11) есепті қаржылық жылға Қоғамның таза кірісін бөлісу тәртібін бекіту;

12) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

14) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

15) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

16) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

17) шешімдер қабылдау Заңмен және Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылатын өзге де мәселелер.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағына сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған кейбір мәселелер бойынша шешімдер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленген тәртіппен қабылданады;

42. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді даярлауды Директорлар кеңесі және/немесе Басқарма жүзеге асырады.

43. Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шешімдерді қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді;

44. Заңға сәйкес Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығаруды Директорлар кеңесі бастамалайды;

45. Заңмен акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын, мәселелер бойынша материалдар:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінен;
- 2) өткен жылғы жылдық қаржылық есептілігіне аудиторлық есептен;
- 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржылық жылға Қоғамның таза кірісін бөлісу тәртібі туралы ұсыныстарынан;
- 4) Жалғыз акционердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне өтініштерді қарау қорытындыларынан;
- 5) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттардан тұруы тиіс.

46. Жалғыз акционер Жарғыда өзгеше айқындалмаса, Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша өзге де органдардың кез-келген шешімдерін алып тастауға құқылы.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі

47. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметін жалпы басқаруды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

48. Мынадай мәселелер Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Жалғыз акционермен алдын-ала келісім бойынша ұйымдық құрылымын және штат санын бекіту;
- 6) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 7) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлықақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау;
- 8) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);
- 10) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы шешімдер қабылдау, оларды қалыптастыру мен жұмыс жасау тәртібін, құрамдарын, қызметі мен өкілеттіліктерін айқындау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 11) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын және басшыларының орынбасарларын тағайындау тәртібін айқындау;

12) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесін) он және одан да көп пайызын сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

13) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

14) Қоғамның міндеттерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он немесе одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

15) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін таңдау;

16) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

18) даму жоспарын, сондай-ақ оның орындалуы туралы есепті бекіту;

19) даму жоспарын іске асыруды бағалау;

20) Қоғам Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

21) Қоғамның корпоративтік басқару кодексінде көзделген қағидаттар мен ережелерді сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту;

22) Қоғамның даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есепті қарау;

23) Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі құжаттарын бекіту;

24) Қоғамның тәуекелдерді басқару процессінің ағымдағы жай-күйі туралы есептерді қарау;

25) Заңда және Қоғамның Жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер;

49. Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

50. Атқарушы органның Төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

51. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделерінде өздерінің міндеттерін орындауға және Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік және/немесе салалық ортадағы оң жетістіктері болуы тиіс.

52. Директорлар кеңесінің қызметі Заңмен және Директорлар кеңесі туралы ережемен белгіленеді.

53. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

54. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер заңнамада өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмайды.

55. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Мүдделілік болуына орай қоғамның мәмілені жасасуы туралы шешім, осындай мәміленің үлгілік шарттарын қоғамның директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, оның жасалуына мүдделі емес директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болады.

56. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

57. Директорлар кеңесін Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланатын Директорлар кеңесінің төрағасы басқарады.

Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;
- 3) отырыстарды жүргізеді және хаттамаға қол қояды;
- 4) заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің отырысы тоқсан сайын кемінде бір рет шақырылады.

58. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционерінің;
- 4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

59. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

60. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыруы тиіс.

61. Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

62. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар, отырыстың күн тәртібі мәселелері бойынша тиісті материалдарды қоса, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей жолдануы тиіс.

Ерекше жағдайларда Жалғыз акционердің не Директорлар кеңесі төрағасының бастамалары бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар, кадр мәселелері бойынша материалдарды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырысты өткізу күніне дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей жолдануы мүмкін.

63. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырыстың өту күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтерді, сондай-ақ күндізгі отырыс өткізген кезде, егер ол отырысқа қатыса алмайтын жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесіне күн тәртібі бойынша жазбаша хат жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірмені қамтуы тиіс.

64. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

65. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер) болуы тиіс.

Қоғам қызметінің аса маңызды, негізгі, стратегиялық мәселелерін қарау мен олар бойынша шешімдер қабылдауда сырттай дауыс беруге жол берілмейді.

66. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен сырттай отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

67. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғам мұрағатында сақталады.

68. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып және қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

69. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің осы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

70. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қоғам және (немесе) осы Жалғыз акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

71. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесі анықтайтын қызмет бағыттары бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар Кеңесінің шешімімен тиісті профильдік Комитет отырысының алдын-ала талқылауынсыз Директорлар кеңесімен қаралмайтын мәселелер тізімі анықталады.

Директорлар кеңесі шешімінің жобасы профильдік Комитеттің оң шешімін таппаған жағдайда ондай шешім Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесінің комитеті туралы ережеде белгіленеді.

14. Қоғамның атқарушы органы

72. Ағымдағы қызметке атқарушы орган - Басқарма басшылық етеді, оның құрамына Басқарма төрағасы, оның орынбасарлары және Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген өзге тұлғалар кіреді.

Атқарушы орган Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің шет мемлекеттерге іссапарлары Жалғыз акционермен келісу бойынша ресімделеді.

73. Басқарманы Басқарма төрағасы басқарады.

74. Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарманың сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды.

75. Басқарма отырысы қажеттігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырылады. Шешімдер Басқарма мүшелері дауыстарының жай көпшілігімен

қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға осы отырысқа қатысатын барлық Басқарма мүшелері қол қояды.

76. Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) оның үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) атқарушы орган, корпоративтік хатшы мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттарын және өзге де шарттар жасасады, өзгертеді және бұзады;

5) атқарушы орган, корпоративтік хатшы мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

6) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Қоғамның ұйымдық құрылымын және жалпы штат санын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

7) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Директорлар кеңесімен бекітілген ұйымдық құрылым мен жалпы штат саны шегінде Қоғамның құрылымын, штат кестесін бекітеді;

8) филиалдар мен өкілдіктері басшыларын және оның орынбасарларын және бас бухгалтерін, сондай-ақ Қоғамның бас бухгалтерін тағайындайды және оларды атқарып отырған лауазымдарынан босатады;

9) атқарушы орган, корпоративтік хатшы мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылар мен қосымша ақылардың мөлшерін белгілейді, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы және материалдық жәрдемақы мөлшерін, сыйлықақы мөлшерін анықтайды;

10) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;

11) атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

12) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

13) Жалғыз акционердің алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады;

14) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

15) құзыретінің шегінде бұйрықтар, оның ішінде Қоғамның Басқармасы аппаратының құрылымдық бөлімшелері және филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерді бекіту туралы бұйрықтар шығарады;

16) Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарауға ұсынады;

17) сыбайлас жемқорлықты ескерту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін дербес жауаптылықта болады;

18) мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды ұйымдастыруға жауапты болады;

19) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

Басқарма төрағасының шешімі бойынша Басқарма мүшелеріне оның өкілеттіктерінің қандай да бірі берілуі мүмкін.

77. Басқарма:

1) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді;

2) Қоғамның ағымдағы және перспективалық жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі алдындағы есептерді жүзеге асырады;

4) Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

5) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) бизнес-бағыттар бойынша басқарма жанынан комитеттер құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

7) даму стратегиясының, қоғамның даму жоспарының жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және директорлар Кеңесіне ұсынады және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

8) директорлар Кеңесіне Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті ұсынады;

9) тәуекел дәрежесінің сақталуын және Қоғамның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығысы мен корпоративтік жанжалдардың мониторингін жүзеге асырады және оларды реттеуге қатысады;

11) Қоғамның Директорлар кеңесі мен жалғыз акционері бекітетін ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

12) корпоративтік басқаруды дамытуға, ішкі бақылау жүйесін енгізуге және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған мәселелерді қарайды;

13) персоналды басқару жүйесінің, сыйақының, құзыреттерді дамытудың, HR саясатының (адами ресурстар мен адами капиталды басқару және дамыту жөніндегі саясаттың) процестері мен іске асырылу мәселелерін қарайды, оны іске асыру жөніндегі есептерді қарайды;

14) Директорлар кеңесінің, Жалғыз акционердің шешімдерін, жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындау мониторингін жүзеге асырады;

15) Мемлекеттік корпорацияның меншігіне қатысты құқыққа сыйымсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

16) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат береді;

17) Директорлар Кеңесінің мүшелеріне оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде қоғамның, оның ішінде құпия сипаттағы қызметі туралы ақпаратты уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

18) шешім қабылдау өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жалғыз акционердің құжаттарын қарау үшін дайындайды;

19) бекітілуі Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қарайды және мақұлдайды;

20) өз құзыреті шегінде Қоғам активтерін басқаруға байланысты оның ішінде оларды іске асыруды қоса алғандағы мәселелерді қарайды;

21) Қоғамның Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционерінің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдайды;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қоғамның даму жоспарын, түзетулерді және оның орындалуы туралы есепті алдын ала мақұлдайды;

23) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала мақұлдайды;

24) директорлар Кеңесіне Қоғамның таза табысын бөлу және оны мақсатты пайдалану мәселелері бойынша ұсыныстарды алдын ала мақұлдайды;

25) қоғамның даму жоспарын іске асыру, оның ішінде тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін орындау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

15. Қоғамның ішкі аудит қызметі

78. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау саласында бағалауды, тәуекелдерді басқару жүйесін, қызметті жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару мен консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметін құрады.

79. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, құқықтары мен жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және еңбек шарттарымен реттеледі.

80. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

16. Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібі

81. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүддесін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Заңға және осы Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

Жалғыз акционерге ақпарат беру, жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептілікті жария ету мақсаттары үшін Қоғамның интернет-ресурсы Қоғамның бұқаралық ақпарат құралы болып табылады.

82. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам Жалғыз акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

83. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда жүгінеді. Қоғам талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) Жалғыз акционерге өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беруге міндетті.

84. Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және өкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында жария етуге міндетті.

17. Қоғамның филиалдары (өкілдіктері)

85. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғам атынан және

тапсырмасы бойынша олар туралы Ереженің негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

86. Қоғам филиалдарды (өкілдіктерді) өз мүлкінің есебінен негізгі және айналым құралдарымен қамтамасыз етеді, олар филиалдың бөлек балансында және жалпы Қоғамның балансында ескеріледі.

87. Филиалдардың (өкілдіктердің) қызметін басқаруды Қоғам Басқармасының төрағасы тағайындайтын адамдар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғам берген бас сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

88. Филиалдардың (өкілдіктердің) құрылымын, штат саны мен штат кестесін Қоғамның Басқарма төрағасы бекітеді.

89. Қоғам атынан филиалдың қызметкерімен еңбек шартын Қоғамның ішкі құжатында айқындалған тәртіппен филиал директоры жасасады.

90. Басқарманың төрағасын және мүшелерін қоспағанда, Қоғамның қызметкерлері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттармен айқындалған тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

91. Басқарманың төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі актілеріне сәйкес Қоғамның қызметіне қатысты мәселелерге қатысты мәселелер бойынша Қоғам филиалдары мен өкілдіктері басшыларының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

90. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

91. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

92. Қайта ұйымдастырылған қоғамның мүліктік құқықтары мен міндеттері: бірігуі, қосылуы және қайта құрылуы кезінде – өткізу актісіне сәйкес, бөлінуі мен бөлініп шығуы кезінде – бөліну балансына сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаға өтеді.

Өткізу актісі және бөліну балансы тараптар даулайтын мән-жайларды қоса, қайта ұйымдастырылған Қоғамның барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты оның барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлігі туралы ережені қамтуы тиіс.

93. Қоғамды тарату кезінде оның мүлкін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен тарату комиссиясы бөледі.

94. Қоғамды тарату кезінде, кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүлік Жалғыз акционерге берілуі тиіс.

19. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

95. Қоғамның өз акционерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

96. Қоғамға қатысты оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі біріккен жауаптылықта болады.

97. Қоғам мемлекеттің міндеттемесі бойынша жауап бермейді.

20. Қорытынды ережелер

98. Акционер мен Қоғам арасындағы барлық өзара қарым-қатынастар осы Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

99. Қоғамның қызметіне қатысты акционердің, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің арасындағы келіспеушіліктер оларды шешу мүмкін болмаған кезде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

100. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

101. Осы Жарғының қандай да бір ережелері жарамсыз болса, бұл Жарғының басқа ережелерін қозғамайды.

102. Осы Жарғыда көзделмеген барлық басқа жағдайларда, Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін басшылыққа алады.

Басқарма төрағасы



С. Абдильдин